


Ұлы Жібек Жолының даму тарихы




- **Ұлы Жібек Жолы** - Батыс пен Шығыстың арасындағы ежелгі және ортағасырлық жол. Б.з.д. II ғ. ортасынан XIV ғасырға дейін, яғни Теңіз жолының ашылуына дейін өмір сүрген.
- 1877ж неміс географы В.Рихтгофен Батыс пен Шығыс арасындағы байланысты түсіндіру үшін **“Жібек жолы”** терминін ұсынды.
- Еуразияның тарихында маңызды орын алғандықтан, кейін оған **“Ұлы”** сөзі қосылды.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ



Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы.




Ұзындығы 7 мың шақырым

Жібек жолындағы қалалар

- **VI-X ғасырлардағы сауда бағыттары шығыс пен оңтүстікте Қытай, батыста Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлері Ұлы Жібек жолы деп аталды. Жібек жолының жандануымен қазақ даласындағы халықтың бір бөлігі отырықшылыққа өтіп, өңірде жаңа қалалар пайда бола бастады. Ал Тараз, Құлан, Аспара, Алматы, Қойлық, Түркістан, Отырар, Испиджаб, Суяб, Сауран, Тараз және т.б. үлкен шаһарлар гүлденіп, елдегі маңыздылығын арттыра түсті. Сауда жолының бойында орналасқандықтан, аталмыш қалалар тез өркендеді, ондағы халықтың саны да күрт артқан болатын.**

Ұлы Жібек Жолының жеке бөліктері




1. **Көктасты (лазурит) жол** - Орталық Азия мен Орталық Шығысты Үрдістан және Жерорта теңізімен байланыстырды.
2. **Нефритті жол** – Шығыс Түркістан Қытаймен байланыстырды.
3. **Дала жолы** – Кара теңіз жағалауынан Дон жағалауына дейін, одан Сарматтар жеріне, одан Ертіс пен Зайсан жағалауына дейін.






Жібек матасының рөлі



Жібек матасы сауда жолында алтын мен бірге халықаралық валюта міндетін атқарған. Жібек маталар жалдамалы әскерге жалақы және мемлекеттік қарыздарды өтеуге жұмсалды



- Сауда да маңызды рөлді қытайлықтар атқарды: өз елінен алынған тауарларды көрші елдерге тасу арқылы.
- *Қытай жібегі, фарфор, нефриттен жасалған заттар мен әшекейлер* Қазақстан қалаларынан табылған.

